



«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ИМЖ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТЫ

**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ЦИКЛДАРЫ ПӘНДЕРІН ЖӘНЕ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ
ПӘНДЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУДІ, БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІН
РЕСМИ ТАНУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ**

ҚБТУ ИМЖ КС 59-4-21

ҚБТУ ИМЖ КС 59-4-21

Алғы сөз

Осы «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамында жалпы білім беру циклдары пәндерін және білім беру бағдарламасының оқу жоспарындағы базалық пәндерді қайта есептеуді, бейресми білім беру нәтижелерін ресми тануды жүргізу тәртібі» корпоративтік стандарты «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының интеграцияланған менеджмент жүйесі (бұдан әрі – ИМЖ) құжаттамасының құрамдас бөлігі болып табылады және ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001: 2016 серияларындағы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келеді.

Жалпы мәліметтер

Оқу-әдістемелік орталықта
ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы Басқармасының
2021 жылғы 18 қаңтардағы №1 шешімімен
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚБТУ ИМЖ КС 59-4-21

МАЗМҰНЫ	Беті
1. МАҚСАТЫ	4
2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	4
3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР	4
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	
5. ЖБП ЖӘНЕ БП ЦИКЛДЕРІ ПӨНДЕРІН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ БОЙЫНША ШАРАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	5
6. БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІН РЕСМИ ТАҢУ ШАРАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	5
7. ШАРА БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР	7
8. ИМЖ БОЙЫНША ЖАЗБАЛАР	8
9. ЖАУАПКЕРШІЛІК	8
10. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР	8
11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	9
БЛОК СХЕМАЛАР	10
ҚОСЫМШАЛАР	11

1. МАҚСАТЫ

1.1. Осы «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамында жалпы білім беру циклдары пәндерін және білім беру бағдарламасының оқу жоспарындағы базалық пәндерді (бұдан әрі – ЖБП және БП) қайта есептеуді, бейресми білім беру нәтижелерін ресми тануды жүргізу тәртібі» (бұдан әрі – Тәртіп) ҚБТУ корпоративтік стандарты ЖБП және БП циклдерінің оқу пәндерін қайта есептеуді ұйымдастыру және жүргізу, білім алушыларға бейресми білім беру нәтижелерін ресми тану үшін әзірленген.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Осы Тәртіп білім алушыларға оқу пәндерін қайта есептеуді ұйымдастыру және өткізу, бейресми білім беруді ресми тану тәртібін регламенттейді

2.2. Осы Тәртіп оқу процесіне қатысатын ҚБТУ-дың барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

3.1. Осы Тәртіпте келесі терминдер және оларға сәйкес анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) **ҚБТУ ААЖ** – интернет-технологиялар көмегімен іске асырылатын оқу процесіне арналған ҚБТУ автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
- 2) **ЖОЖ** – Жеке оқу жоспары;
- 3) **ҚБТУ, Университет** – «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы;
- 4) **КЭД** – элективті пәндер каталогы;
- 5) **ББ** – Білім беру бағдарламасы;
- 6) **ТК** – Тіркеуші кеңсе;
- 7) **Кешенді емтихан** – ЖББ циклінің пәндерін қайта есептеу мақсатында жүргізілетін шара;
- 8) **Бакалавриат** – кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті ББ бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;
- 9) **Магистратура** - кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;
- 10) **Докторантура** - білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім;
- 11) **Жеке оқу жоспары** - білім алушының білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір семестрге және(немесе) оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;
- 12) **Оқыту нәтижелері** – білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар;
- 13) **Оқыту нәтижелерін тану** – білім беру тәжірибесінің, құзыреттер мен білімдер жиынтығының нәтижелерін ресімдеу процесі;
- 14) **Ересектерге бейресми білім беру** – оқу орнын, мерзімдері мен формасын

есепке алмай көрсетілетін білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты берумен қатар жүретін білім беру түрі;

15) **Білім алушылар** – бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алатын адамдар;

16) **Оқу жұмыс жоспары (Working Curriculum)** - үлгілік оқу жоспары және білім беру бағдарламасының ТБК негізінде ҚБТУ әзірлейтін құжат. Кредиттердің санын, пәндерді оқу реттілігін, оқу сабақтарының түрлерін және бақылау формаларын көрсете отырып, міндетті компоненттің, ЖОО компонентінің және таңдау бойынша компоненттің оқу пәндерінің толық тізбесін қамтиды;

17) **Ритейк (Retake)** – «қанағаттанарлықсыз» («F») қорытынды бағасын алған жағдайда пәнді қайта өту;

18) **Оқу пәні** – оқу процесіне қатысты бөлігінде білім алушыларға осы Тәртіпте және Университеттің өзге де ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен нормалардың жиынтығы;

19) **Эдвайзер (Advisor)** - тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын академиялық тәлімгердің функцияларын орындайтын, білім алушыға оқыту траекториясын (ЖОЖ қалыптастыру) таңдауда және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруде көмек көрсететін оқытушы;

20) **Фокустық мектептер** – ҚБТУ-мен ынтымақтастық туралы меморандум бар мектептер. (НЗМ, РФММ, Білім-инновация).

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Тәртіп келесі шаралар талаптарын тәртіптеу үшін әзірленген:

- фокус мектептерінің түлектеріне ЖБП және БП циклдерінің міндетті компонентінің пәндерін қайта есептеу;

- бейресми білім беру нәтижелерін ресми тану.

3.2. Бірінші оқу жылының студенттері – фокустық мектептердің түлектері үшін ЖБП және БП циклдерінің міндетті компонентінің пәндерін қайта есептеу кешенді емтихан өткізу жолымен және халықаралық сертификаттар (IELTS, TOEFL, МЭСК, IB diploma, SAT) негізінде жүзеге асырылады

3.3. Пәндерді қайта есептеу ҚБТУ-ға түскен жылы ғана және тек ақылы негізде жүзеге асырылады (1-қосымшадағы пәндер тізімі).

4. ЖБП ЖӘНЕ БП ЦИКЛДАРЫ ПӘНДЕРІН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ШАРАСЫ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

4.1. Фокустық мектептердің түлектеріне ҚБТУ-да бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың қысқартылған мерзімі беріледі, оған кешенді емтихан тапсырған жағдайда ЖБП және БП циклдары пәндерін қайта есептеу есебінен қол жеткізіледі.

4.2. ЖБП және БП циклдерінің пәндерді қайта тапсыру туралы мәселені шешу үшін келесі құжаттар қаралуға тиіс:

4.1.1 мемлекеттік білім беру стандартына сәйкестігі ;

4.1.2 білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс оқу жоспары;

4.1.3 орта білім туралы аттестат (сертификат) және аттестатқа (сертификатқа) қосымша;

4.1.4 студенттің пәндерді қайта тапсыру туралы жеке өтініші (2-қосымша).

4.2 Мектеп деканы 4- тармақтың 4.1.1-4.1.4- тармақшаларында көрсетілген білім алушының құжаттарына салыстырмалы талдау жүргізеді және қайта есептелетін пәндердің тізімін анықтайды.

4.3 Ұсынылған орта білім туралы құжатта сағат көрсетілмеген

жағдайларда пәнді қайта тапсыру туралы шешім әрбір жеке жағдайда жеке қабылданады және білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарының талаптарына негізделеді.

4.4 Қайта есептеулер білім алушыны қабылдаудан (ауыстырудан, қайта қабылдаудан) кейінгі бірінші семестр кезеңінде жүргізіледі.

4.5 Мектеп деканы пәндердің атауын көрсете отырып, оларды қайта тапсыру туралы жиынтық ведомость дайындайды.

4.6 Жиынтық ведомость академиялық мәселелер жөніндегі проректормен келісіледі.

4.7 Барлық қайта есептелген пәндерді Тіркеуші кесе білім алушының транскриптіне енгізеді.

4.8 Білім алушы пәндерді қайта есептеуден бас тарта алады. Бұл жағдайда білім алушы барлық оқу сабақтарына қатысып, осы мамандық бойынша оқу жоспарында көзделген ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаудың барлық түрлерін орындауы тиіс.

4.9 Ректордың (Басқарма Төрағасы) бұйрығымен бірінші оқу жылының студенттері үшін ЖБП және БП циклдерінің міндетті компонентінің пәндері бойынша кешенді емтихан қабылдауды жүзеге асыруға өкілетті комиссия тағайындалады.

4.10 Әлеуметтік ғылымдар мектебінің деканы «Қазақ тілі/Орыс тілі», «Физика-1» ЖББ циклінің пәндері бойынша кешенді емтихан өткізу үшін емтихан материалдарын бекітеді,

4.11 Ақпараттық технологиялар және инженерия мектебінің деканы кешенді емтихан өткізу үшін «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Бағдарламалау принциптері» БП циклінің пәндері бойынша емтихан материалдарын бекітеді.

4.12 Қолданбалы математика мектебінің деканы кешенді емтихан өткізу үшін БП циклі пәні бойынша «Есептеу -1» емтихан материалдарын бекітеді

4.13 Мектеп деканаттары емтихан тапсыру кестесін жасайды. Студенттерді хабарландыруды электрондық поштаға, мектептердің интернет-чаттарына жіберу арқылы хабардар ету жүзеге асырылады.

4.14 Кешенді емтиханның қорытындысы хаттамамен ресімделеді

4.15 Пәнді қайта есептеу үшін аттестаттағы «С» бағасынан төмен емес бағалар қаралады.

4.15.1 НЗМ түлектері кешенді емтихан тапсыра алмайды. Пәндерді қайта есептеу **МЭСК** сертификаттары мен аттестаттар негізінде жүзеге асырылады.

4.15.2 Егер НЗМ түлегінің аттестаттағы (сертификаттағы) бағасы «С»-ден төмен болса, онда кешенді емтихан міндетті түрде тапсырылады.

4.15.3 Білім алушылар үшін (барлық мектептер) ағылшын тілін қайта есептеу тек IELTS, TOEFL сертификаттары негізінде жүргізіледі.

4.16 Кешенді емтиханның нәтижелері Pass/ No Pass бағасымен қойылады.

4.17 Кешенді емтиханды қайта тапсыру екі реттен артық болмауы тиіс.

4.18 Барлық білім алушылар үшін қайта есептеу ақылы негізде жүзеге асырылады. Бір пәнді қайта есептеу құны – 20 000 теңге мөлшерінде белгіленді.

4.19 Білім алушылар ҚБТУ кешенді емтиханынан сәтті /сәтсіз өтуіне қарамастан кешенді емтиханға ақы төлеуді жүргізеді.

5. БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІН РЕСМИ ТАҢУ ШАРАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Бейресми білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелері осы Тәртіппен белгіленген ережелерге сәйкес ҚБТУ-да ресми танылады. Бейресми білім беруші ретінде танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдарынан берілген оқуды аяқтау туралы куәліктер мен сертификаттар қарауға жатады. Бейресми білім беру арқылы бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін өз бетінше меңгерген тұлғаларды Комиссия қарайды және одан әрі бейресми оқыту нәтижелерін ресми тану

және академиялық кредиттерді қайта есептеу үшін ТК-ға жібереді.

5.2 Оқу нәтижелерін растайтын құжаттар оқуды аяқтау туралы сертификат немесе оқуды аяқтау туралы куәлік болып табылады.

5.3 Оқу нәтижелерін ресми тану үшін мектепте комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады. Комиссия құрамына мектеп оқытушылары кіреді және мүшелерінің саны тақ болуы тиіс.

5.4 Комиссия мүшелерінің ішінен көпшілік дауыспен Комиссияның қызметін басқаратын Комиссия төрағасы, ал ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары сайланады. Комиссия хатшысының функциясын Комиссия мүшесі болып табылмайтын деканат маманы орындайды.

5.5 Комиссия шешімі еркін формада хаттамамен ресімделеді.

5.6 Бейресми білім беру нәтижесінде алынған оқу нәтижелерін ресми тануға өтініш берген білім алушы Комиссияның қарауына келесі құжаттарды ұсынады:

- бейресми оқыту арқылы алынған оқу нәтижелерін ресми тану туралы белгіленген формадағы өтініш (3-қосымша);
- жеке куәліктің көшірмесі;
- оқу нәтижелерін растайтын құжат.

5.7 Комиссия ұсынылған сертификат бойынша пән үшін академиялық сағаттардың немесе кредиттердің ең аз санын, оқу кезеңін зерделейді. Білім беру бағдарламасының белгілі бір пәні бойынша бейресми оқыту нәтижелерін ресми тану біліктілікті арттыру курстарының ұзақтығына және бейресми оқыту шеңберіндегі оқытудың өзге түрлеріне де байланысты.

5.8 Комиссия білім алушының білімі, білігі мен дағдыларының деңгейін анықтау үшін сұхбат жүргізеді. Сұхбат қорытындысы бойынша комиссия оқу нәтижелерін ресми тану немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

5.9 Комиссия мәжілісінің хаттамасы бейресми білім беруді оқыту нәтижесін білім алушының транскриптіне енгізу үшін ТК-ға ұсынылады.

5.10 Білім алушының жеке ісіне Комиссия мәжілісінің хаттамасымен бірге бейресми білім беру нәтижесін растайтын құжат тігіледі.

5.11 ҚБТУ-да Оқу-әдістемелік кеңестің шешімі бойынша (03.12.20 ж. №2 хаттама) қайта есептеуге келесідей *жаппай ашық онлайн-курстардың Coursera (Курсэра), Udacity (Юдасити), EdX (Эдэх), FutureLearn (Фючелен), OpenClassrooms (Опенкласрум), EduCause (Едукоз)* сертификаттары жатады.

6. ШАРАЛАР БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР

6.1. Осы Тәртіппен регламенттелген іс-әрекеттерді орындау барысында келесідей тәуекелдер туындауы мүмкін:

№ р/т	Тәуекел атауы	Алдын алу іс-қимылы	Түзетуші іс-қимылдар	Тәуекел иесі
1	Білім алушының құжаттары жоғалуы	Кіріс құжаттарының есебін жүргізу	Жоғалған құжаттарды қалпына келтіру	Мектеп деканы
2	Білім алушыларға ҚБТУ бекіткен тізімге кірмейтін жаппай онлайн-курстардың сертификаты ұсынылуы	Университет сайтында ҚБТУ-да бекітілген пәнді қайта есептеуді қарастыру үшін жаппай онлайн курстардың тізімі	Білім алушыға ҚБТУ-дағы пәндерді қайта есептеу үшін қаралатын жаппай онлайн курстардың тізімін ұсыну	Мектеп деканы

7. ИМДЖ БОЙЫНША ЖАЗБАЛАР

7.1. Осы Тәртіп шаралар бойынша қызметтің аралық және қорытынды нәтижелерін жазбаша және/немесе электрондық түрде растайтын төмендегі жазбаларды қамтиды:

№ р/т	ИМЖ жазбаларының атауы	Жазбаның сақталу орны	Жазба үшін жауапты тұлға
1	Кешенді емтихан өткізу жөніндегі комиссияның құрамы туралы бұйрық	Кеңсе	ӘҒМ
2	Кешенді емтиханның емтихан ведомостары	ТК	ӘҒМ, ҚММ, АТЖИМ
3	Бейресми білім беруді ресми тану жөніндегі комиссия мәжілісінің хаттамасы	ТК	Мектептер
4	Бейресми білімді растайтын құжат (сертификат және т. б.)	ТК	Мектептер

8. ЖАУАПКЕРШІЛІК

8.1. Осы Тәртіппен белгіленген ЖБП циклінің пәндерін қайта есептеу шараларының талаптарын орындауға мектеп декандары, ҒБО басшылары жауапты болады.

8.2. Осы Тәртіппен белгіленген бейресми білім беру нәтижелерін ресми тану шараларының талаптарын орындауға мектеп декандары, ҒО басшылары жауапты болады.

8.3. Бейресми білім беру нәтижелерін қайта есептеу туралы құжаттарды білім алушының жеке ісіне енгізу үшін ТК жауапты болады.

9. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

9.1. Осы Тәртіп келесідей нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- 2) Жоғары және(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына 5-қосымша);
- 3) Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 7-қосымша);
- 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі «Ересектердің бейресми білім беру арқылы алған, бейресми білім беретін танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар ұсынған оқыту нәтижелерін ресми тану ережелерін бекіту туралы» № 508 бұйрығы;
- 5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 1 қыркүйектегі «Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің типтік ережелерін бекіту туралы» № 370 бұйрығы.
- 6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» № 137 бұйрығы.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР


10.1. Осы Тәртіп ҚБТУ Басқармасы оны бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін күшіне енеді. Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

ҚБТУ ИМЖ КС 59-4-21


- 10.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚБТУ Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Тәртіптің жекелеген нормалары олармен қайшы келсе, Тәртіп заңнамаға және Жарғыға сәйкес келгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу қажет.
- 10.3. Осы Тәртіппен регламенттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университеттің нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

БЛОК-СХЕМАЛАР

ЖБП ЖӘНЕ БП ЦИКЛДАРЫ ПӘНДЕРІН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ШАРАСЫ БОЙЫНША ТАЛАПТАР



БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІН РЕСМИ ТАҢУ ШАРАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



**Пәндерді ақылы қайта есептеу бойынша
кесте
(әр пән үшін 20 000 теңге)**

Қайта есептеу келесілер негізінде жүргізіледі:

- 1) Халықаралық сертификаттар (IELTS, TOEFL, МЭСК, IB diploma, SAT) - ақылы
- 2) ҚБТУ кешенді емтиханы - ақылы

Пән	НЗМ, РФММ, БИЛ, НҮРОРДА-дан басқа барлық мектептер үшін	НЗМ	РФММ	БИЛ /НҮРОРДА
Ағылшын тілі 1	IELTS/TOEFL: 6,0 и выше	IELTS/TOEFL: 6,0 және жоғары	IELTS/TOEFL: 6,0 және жоғары	IELTS/TOEFL: 6,0 және жоғары
Ағылшын тілі 2	IELTS/TOEFL: 6,0 и выше	IELTS/TOEFL: 6,0 және жоғары	IELTS/TOEFL: 6,0 және жоғары	IELTS/TOEFL: 6,0 және жоғары
Қазақ тілі	Қайта есептеу жоқ	Сертификат негізінде автоматты түрде	Емтихан	Емтихан
Орыс тілі	Қайта есептеу жоқ	Сертификат негізінде автоматты түрде	Емтихан	Емтихан
Дене шынықтыру 1	Қайта есептеу жоқ	Нормативтерді тапсыру жазға ауыстырылады	Нормативтерді тапсыру жазға ауыстырылады	Нормативтерді тапсыру жазға ауыстырылады
Дене шынықтыру 2	Қайта есептеу жоқ	Нормативтерді тапсыру жазға ауыстырылады	Нормативтерді тапсыру жазға ауыстырылады	Нормативтерді тапсыру жазға ауыстырылады
Физика 1 (БМ үшін НЗМ үшін элективті пән міндетті емес, басқа пәнді қайта есептеу жасауға болады*)	Қайта есептеу жоқ	Егер сертификат болмаса, ҚБТУ емтиханы	Егер сертификат болмаса, ҚБТУ емтиханы	Егер сертификат болмаса, ҚБТУ емтиханы
Есептеу 1	Қайта есептеу жоқ	ҚБТУ емтиханы	Егер сертификат болмаса, ҚБТУ емтиханы	ҚБТУ емтиханы
Элективтік пәндер	Қайта есептеу жоқ	Сертификат негізінде автоматты түрде (мысалы, Sociology, Theory of Knowledge және т.с.с. сияқты пәндер)	Қайта есептеу жоқ	Қайта есептеу жоқ

ҚБТУ ИМЖ КС 59-4-21

		LAN 1115 / LAN 1119	Жалпы қазақ тілі (А2) / Орыс тілі	LAN 1116	Академиялық қазақ тілі (В1)
		LAN 1116	Академиялық қазақ тілі (В1)	LAN 1117	Іскерлік қазақ тілі (В2)
		LAN 1117	Іскерлік қазақ тілі (В2)	LAN 1118	Кәсіби қазақ тіл
БМ	Қаржы	1-жыл	1- семестр - күзгі	2-жыл	4-семестр - көктемгі
	Менеджмент	1-жыл	1- семестр - күзгі	2-жыл	3 семестр - күзгі
	Есеп және Аудит	1-жыл	1- семестр - күзгі	2-жыл	3 семестр - күзгі
	Маркетинг	1- жыл	1- семестр - күзгі	2-жыл	4-семестр - көктемгі
АТжИМ	АжБ	2- жыл	3- семестр - күзгі	2-жыл	4-семестр - көктемгі
	ЕТж БЖ	2- жыл	3- семестр - күзгі	2-жыл	4-семестр - көктемгі
	АЖ	2- жыл	3- семестр - күзгі	2-жыл	4-семестр - көктемгі
ХИМ	ОЗХТ	1 - жыл	1- семестр - күзгі	1-жыл	2-семестр - көктемгі
ГМ	Геология	1 - жыл	1- семестр - күзгі	1-жыл	2-семестр - көктемгі
ҚММ	МКМ	2 - жыл	3- семестр - күзгі	2-жыл	4-семестр - көктемгі
ХЭМ		2 - жыл	Жазғы семестр	2-жыл	Жазғы семестр

«Қазақстан- Британ
техникалық
университеті» АҚ
Қаржы директоры
Р.Т Күнгебаеваға
1-оқу жылы студенті

(Аты-жөні толық)

ЖСН _____
мектебі, мамандығы

тел. № _____
Email _____

Өтініш

Кешенді емтихан тапсыру нәтижелері бойынша келесі пәндер қайта есептелді:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

Келесі талаптармен келісемін:

- Пән бойынша Pass бағасымен;
 - 20 000 (жиырма мың теңге) құрайтын әрбір пәнді қайта есептеу құнымен.
- Қорытынды төлем сомасы: _____ теңге.

Төлемді 2020 жылғы 15 қыркүйекке дейін жасауға міндеттенемін.

Күні

Студент қолы

Келісуші тұлға лауазымы	Визасы, күні	Аты-жөні

... мектебінің деканы

(АТЫ-ЖӨНІ ТОЛЫҚ)

ID _____

Мектебі, мамандығы

тел. № _____

Email _____

Өтініш

Оқу нәтижесін растайтын құжаттар негізінде:

келесі пәнді қайта есептеуіңізді сұраймын:

Қосымша тіркелді:

1. Жеке куәліктің көшірмесі.
2. Оқу нәтижелерін растайтын құжат (түпнұсқа).

Күні

Студент қолы